

ЕЛОРДАДА білім алу – жастардың кәсіби болашағы

«Болашақта өркениетті, дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақ елін дамыған 30 елдің қатарына жеткізіп, терезесін тең ететін салалық білім», – деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай мамандық таңдау деген өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау.

Иә, XXI ғасыр – білім мен ғылым заманы, ал білім теңізін кешіп өтуге көмектесетін – мектеп. Бүгінде әр қазақстандық талапкерді алаңдататын мәселе – мамандық таңдау. Халқымыз «Адам екі түрлі жағдайда қателеспейі керек: бірі – жар таңдағанда, екіншісі – мамандық таңдағанда» деп бекер айтпаса керек. Осы орайда айтар ойымыз, Қазақстанның елордасында орналасқан алғашқы жоғары оқу орнының бірі, білім мен ғылымның жетекші орталығы саналатын С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне сапарларыңыз сәтті болсын демекпіз!

Заман өзгерген сайын адам да жетіліп, нарықтық қарым-қатынас пайда болды. Қоғам дамып, дүниеге түрлі жұмыстар, сәйкесінше, түрлі мамандықтар келді. Көз келген еңбек мамандық емес. Еңбектің мамандық деп аталуының өзіндік шарттары бар: бірі – маман атануыңыз үшін білім алып, қолыңызға сол саланың дипломын, куәлігін, аттестаты не сертификатын алуыңыз керек болса, екіншісі – еңбегіңізге ақынның жоғары төлемдік қажеттілігі.

Әлемнің көз ілеслес жылдамдықпен өзгеріп жатқанына барлығымыз куәміз. Қазір сауда-саттықтың жүріп тұрған заманы болғандықтан, көптеген мамандықтар осының төңірегінде деуге болады. Агенттер мен менеджер мамандықтары сұранысқа ие десек, артық айтпаймыз.

Мамандар барлық мамандық өкілдерін еңсесін түсірмей, кәсібилік деңгейін арттыруға шақырады. Себебі

жақсы мамандарға деген сұраныс қашанда жоғары.

Бүгінгі таңда заман ағымына сай сұранысқа ие мамандықтардың көшбасында – маркетинг мамандығы жетекші орынды алады деп айтсақ еш қателеспейміз.

Қазіргі еңбек нарығында маркетинг саласы мамандығының өкілдері сұранысқа ие болып табылады. Дегенмен жоғары оқу орындарының бұл мамандық бойынша жеткілікті көлемде маман шығарғанымен, өнеркәсіп орындары біліктілігі жоғары мамандарды талап етеді. Бұл, әсіресе, еліміздің ауылшаруашылығы саласы үшін өте маңызды. Алайда қай саланы таңдасаңыздар да, сіз еш қателеспейсіз, себебі маркетингтер барлық салаларға, коммерциялық, мемлекеттік немесе саяси ұйымдарға да өте қажет.

«Маркетинг» мамандығының студенттері көп жағдайда жоғары курстарда қызықты әрі ақы төленетін жұмыс табады және бүгінгі таңда көпшілігі осы салада қызмет атқарып келеді. Көптеген оқушыларымыз кәсіпкерлік қызметті, өз бизнесін құру және дамыту мүмкіндігін басшылыққа алады. Маркетингтер Қазақстанда қажет және олардың саны артуда. Ал жақсы кәсіптік оқыту болашақ кәсіпкерлерге табысты, бәсекеге қабілетті бизнесті бастауға көмектеседі.

Бүгінгі заманауи әлемде әрбір компания тұтынушылардың сұранысына ие өнімді өндіру үшін, нарықтық мүмкіндіктерді саралап, үнемі нарықты зерттеп отыруы қажет. Компания басшылығы нарықтық талаптар мен тұтынушының талаптарына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

Бұл жұмыстың барлығын іске асырушы – маркетинг. Әрбір өндірістік ұйымда маркетинг бөлімі бар, онда маркетингтер тұтынушының талаптарын, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтарын, сонымен қатар бүкіл нарықты әрқашан зерттеп отырады.

Сондықтан да маркетинг нарықтық білім беру шеңберінде сұранысқа ие мамандықтың бірі. Бұл мамандық Қазақстанның ең үздік жоғары оқу орнының бірі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде дайындалады.

Біздің университетімізде аймақтық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар алған білімді тәжірибелік тұрғыдан да жүзеге асыруды үйрететін жоғары білікті оқытушылар жұмыс жасайды. Біздің оқытушылар тәжірибе алмасып, білікті маман даярлау мақсатында шет елдегі әлемдік жетекші оқу орындарына жиі барады.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде салалық білім алу үшін барлық жағдай жасалынған, яғни, кітаптардың бай қоры бар кітапхана, таламтор сыныптары, спорттық кешен, студенттік емхана және дарихана. Университеттің ерекше мақтанышы ол қоғамдық кәсіптер факультеті. Студенттердің факультеттің шығармашылық үйірмелеріне қатысуға толық мүмкіндіктері бар. Олар: «Ақ желкен» студенттік театры, «Қызғалдақ» және «Шаттық» би ансамбльдері, вокалдық ән және «Шабыт» аспаптық ансамблі және жастардың әскери ісін меңгеруіне арналған әскери кафедра бар.

Маркетинг мамандығын бітіруші түлектер әрқашан жұмысқа оңай орналасады. Біздің түлектердің көпшілігі оқу орнымыздың түлектерін әрқашан жұмысқа қуана алатын Астана қаласының және Қазақстанның жетекші компанияларында жұмыс жасайды. Сіз С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Маркетинг» мамандығына түссеңіз, сапалы білім мен нарықтық білім беру шеңберінде сұранысқа ие боласыз.

Сонымен бірге айта кететін жайдың бірі, Шардара өңірінен С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде білім алып, бүгінде үздік қызметкер, кәсіпкер және

мемлекеттік қызметтерде қызмет етіп жүрген азаматтардың бар екендігін ұмытпаңыздар. Соның бірі ретінде осы мақаланың авторы Асыллов Бақыт Өмірзақұлы Шардара ауданының тумасы, аталған университеттің түлегі және бүгінде осы білім ордасында көп жылдардан бері қызмет атқарып келе жатқан оқытушының бірі.

Университет деңгейінде отыздан астам жетекші ғылыми-педагогикалық орталықтармен, атап айтқанда: АҚШ, Франция, Германия, Түрік, Жапония және басқа да көптеген ТМД елдерінің жоғары білім орталықтарымен байланыс құрылған. Келісімшарт негізінде бұл мемлекеттермен студенттер және профессорлық-оқытушылар құрамы тәжірибе алмасу мақсатында іс-сапарларға шығып отырады. Бұл бағыттағы іс-шараларға «Маркетинг және сервис» кафедрасының студенттері мен оқытушылары белсенді түрде атсалысады. Атап өтетін болсақ, «Маркетинг» мамандығы бойынша студенттер Түрік, Қытай елдерінде өндірістік тәжірибеден ету шарасы қарастырылған.

Әлемде өзі қаламайтын мамандық иесі болып жүрген қаншама адам бар, өз жұмысын жанымен сүйіп істейтін адамдардың да саны аз емес. Мамандық таңдаудан жаңылмай, өз өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалауыңызға тілектеспіз.

«Ең қиын мамандық – адам болып қалу», – дейді Хосе Хулиан Марти. Мамандық таңдағанда жаңылмай, «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетіпін тап та, бар қалан», – деп Абай атамыз айтқандай, өмірлеріңіздің кірпішін дұрыс қалауларыңызға тілектеспіз!

Бақыт АСЫЛОВ,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің аға оқытушысы, з.ғ.к.
Айгүл ЖОЛМҰХАНОВА,
қауымдастырылған профессор, з.ғ.к.